

# АЛМАТЫ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№32(42) 9 тамыз 2024 жыл

**Облыс тынысы**

## БІРҚАТАР САЛАЛАРДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСІМ БАР

Алматы облысында биыл бірінші жарты жылдықта әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштер артып, негізгі салаларда оң динамика сақталды.

Әкімдік отырысында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев өңдеу өнеркәсібінде жоспарлы көрсеткіштер 3,6%-ға артығымен орындалғанын атап өтті. Оның ішінде металл бұйымдарының, электр жабдықтарының, қағаз өнімдерінің және жеңіл өнеркәсіптің өндірісінде айтарлықтай өсім бар.

«2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматы облысында экономикалық өсім айтарлықтай жақсы көрсеткішке жетті. Барлық негізгі салаларда оң дина-

мика сақталды, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, жаңа мектептер салу және автомобиль жолдарын жөндеу жалғасуда, өңірдің инвестициялық әлеуеті артып келеді. Дегенмен алда көптеген міндет тұр. Олардың ішіндегі ең бастысы – экономиканың өсу қарқынын сақтау және өңір халқының өмір сүру сапасын жақсарту», – деп атап өтті облыс басшысы Марат Сұлтанғазиев.

Облыс әкімінің орынбасары Рустам Исатаевтың айтуынша, қысқа мерзімді экономикалық индикатор 108,2% жетті. Экономикалық өсімдегі негізгі дирайвер өнеркәсіп секторы 884,3 млрд теңге және ауыл шаруашылығы саласы 192,2 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, байланыс, көлік қызметтері саласына тартылған инвестиция көлемі былтырғы жылдың ағымдағы кезеңімен салыстырғанда 21% - ға артқан.



Бұдан бөлек, кәсіпорындармен жағдайды жақсарту үшін жүйелі жұмыс жүреді. Мысалы, мемлекет қосымша энергетикалық қуат алуға қолдау көрсетіп отыр. Бұл болашақта кәсіпорындардың өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, Азия АгроФуд зауыты қытайлық компаниялармен өнімді жеткізуде екі ірі келісімшартқа қол қойып, оның өндірістік жүктемесін 50%-дан 75%-ға дейін арттырды. Зауыттың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде жаңа қосалқы станция салу жоспарланып отыр. Биылғы жылы өңдеу өнеркәсібінде 205 миллиард теңгеге 16 жоба іске асырылуда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындарына өз жеке кәсібін ашуға жеңілдетілген несиені беру қарастырылған. Бұл жоба өңірдегі жаңадан жұмыс орындарын ашып, халыққа әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң серпін беріп отыр.

Жиын барысында облыс басшысы аталған жоба аясындағы несиені беруді бордақылау кешендері мен сүт-тауар фермаларының иелеріне де ұсыну қажет екенін атап өтті. Бұл Балқаш ауданындағы бордақылау кешендерінің жүктемесін арттыруға және Талғар, Қонаев қалаларындағы шағын және орта бизнеске салық түсімдерін ұлғайтуға серпін береді.

«2024 жылы бірінші жарты жылдықтағы көрсеткіш бойынша өңірдің құрылыс секторында тұрақты өсім бар. Осы аралықта жұмыс көлемі 14,5%-ға ұлғайып, 110,4 млрд теңгеге жетті. Тұрғын үйді пайдалануға беруді ұлғайтуда да жақсы жетістіктерге қол жетті. Бірінші жарты жылдықта жыл бойына жоспарланған 900 мыңнан астам 600 мың шаршы метрге тұрғын үй салынды. Облыстағы әлеуметтік осал топтар үшін 21 миллион теңгеге 1304 пәтер сатып алу жоспарлануда. Қаражат жергілікті және республикалық бюджеттерден бағытталады», - деді Рустам Исатаев.

Сонымен қатар, облыстағы маңызды бағыттардың бірі ретінде 262,5 км республикалық автожолдарды жөндеу жұмыстарын атауға болады. Бұл салаға қатысты 12 жобаның жалпы құны 32,3 млрд теңгені құрайды.

Әлеуметтік мәселелерді іске асыруда Алматы облысында жұмыс орындарын құруға барынша назар аударылып келеді. Осылайша, 2024 жылдың бірінші жарты жылдығында аймақта 24,4 мың жаңа жұмыс орны құрылды, бұл жалпы жоспардың 40%-на тең. Еңбек нарығын дамыту Тұжырымдамасы аясында 13,1 мың адам жұмысқа орналасты. Отырыс барысында облыс әкімі атап өткендей, бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік бағытқа бағытталады. Сонымен қатар, жұмысқа орналастыру көрсеткішінің оң болуына байланысты облыстағы атаулы әлеуметтік көмек алатындардың үлесі азайып отыр.

Отырыста жылыту маусымын дайындау және өткізу мәселесі де қаралды. Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергеновтың айтуынша, бұл мақсатқа бюджеттен 8,3 млрд теңге бөлініп отыр. Жылумен жабдықтау нысандарына жөндеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. Отын сатып алуға тиісті қаражат бағытталап отыр. Өңір халқының көмірге жалпы қажеттілігі

714,3 мың тоннаны құрайды. Бұл үшін өңірлік операторлар мен көмір кен орындары арасында келісімшарттар жасалды.

Нұржан Құдайбергеновтың айтуынша, нысандарды жөндеу және жаңғырту жұмыстары бойынша биыл барлығы 43 жылу қазандығын жөндеу жоспарланып отыр. Қазіргі көрсеткіш бойынша 13 қазандықты жөндеу жұмыстары аяқталды.

Сонымен қатар, әкімінің маңызды тапсырмаларының бірі ретінде әлеуметтік бағыттағы объектілерді табиғи газға ауыстыру жұмыстарын атауға болады. Талғар, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарында осы мақсатта жоспарлы міндеттемелер іске асуда. Биыл жыл соңына дейін 37 білім беру және 3 денсаулық сақтау нысандарын толығымен газға ауыстыру жоспарланып отыр.

Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз етуде де оң динамикаға қол жеткізілген. Бұл бағытта 55 сумен жабдықтау жобасын іске асыруға 19,5 млрд теңге бөлінді. Ұлттық жоба шеңберінде 2 қалада және 79 ауылдық елді мекенде желілерді қайта жаңарту жоспарлануда. Нәтижесінде 1428,6 км желі салынып, қайта жаңартылады. Сөйтіп, сумен жабдықтау желілерінің тозуы 47%-ға дейін төмендейді. 2025 жылға дейін ауылдық елді мекендерді орталықтандырылған сумен жабдықтау бойынша 100%-ға жету көзделген.

Облыстағы агроөнеркәсіптік кешен оң нәтиже көрсетіп отыр. Облыс әкімінің орынбасары Алмас Батановтың сөзінше, өңірде Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасы бойынша ауыл шаруашылығы техникасына түгендеу жүргізілуде. Нәтижесінде 5,6 мың бірлік трактор, 286 комбайн есептен шығарылуы тиіс. Бірінші жартыжылдықта аграршылар 2,5 млрд теңгеге ауыл шаруашылығы машиналарын сатып алды. Бірқатар өңірлердегі ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, пайдаланылмаған суармалы жерлерді айналымға енгізу бағытында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіліп отыр. Бұл мақсатта «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясында 6 аудан мен Қонаев қаласының суару желілерін реконструкциялау жүргізілуде. Бұл жобалар 1,8 мың км каналды қайта құруға және пайдалы әсер ету коэффициентін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда 5 аудан мен Қонаев қаласының суару желілерін қайта жаңартуға республикалық бюджеттен 5 млрд. 980 млн. теңге бөлінді. Сондай-ақ, облыста 2 жаңа су қоймасын салу, жаңа ирригациялық желілерді салу, сорғы станциялары мен су ұңғымаларын орнату есебінен 24,7 мың га жаңа суармалы жерлерді айналымға енгізу жоспарланып отыр.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев алдына қойылған барлық міндеттерді орындаудың маңызды екенін, бұл үшін барлық күш-жігерді біріктіріп, экономиканың барлық бағыттары бойынша мүмкіндіктерді пайдалану қажет екенін атап өтті. Көзделген нысаналы индикаторларға қол жеткізу мақсатында жыл соңына дейін барлық салалардағы жұмыстарды уақтылы әрі сапалы іске асыру тапсырылды.

Жанат ЕРБОЛҒАН.

**ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ**

### Алматы автобустарында жолақы 120 теңге болды

- Алматының қоғамдық көлігінде 3 тамыздан бастап бірқатар өзгеріс енді. Қоғамдық көлікте жол ақысы 120 теңге болды.-деп хабарлайды KAZINFORM.



Қауіпсіздікті арттыру үшін қолма-қол ақшамен төлеу алынып тасталады: жүргізуші ақша жинауға алаңдамайды.

Жолаушылардың 97%-дан астамы қолма-қол ақшасыз есеп айырысады.

Төлем әдістері:

- Көлік картасы («Onay» филиалында және 115 пункте қолжетімді).
- Ұялы телефоннан SMS жіберу арқылы.
- Мобильді қосымша (ағылшын тілінде интерфейсі бар).

Жүргізушілердің заң бұзуын тіркеу үшін бірыңғай бақылау қызметін құру мәселесі қаралып жатыр.

Жол жүру билеттерінің құны: Айлық-9 900 теңге. Студенттік-4 200 теңге. Мектеп-2 000 теңге. Зейнетақы-3 000 теңге.

ҰОС ардагерлері, 75 жастан асқан зейнеткерлер, 1, 2-ші топтағы мүгедектер, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар, саяси қуғын-сүргін құрбандары мен басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери қимылдардың ардагерлері т. б. тегін жүреді.

Студенттер, зейнеткерлер, көпбалалы аналар мен мүгедек балалармен бірге жүретіндерге 50% жеңілдік бар.

Қалалық мобилділік басқармасы тегін ауысып отыруға мүмкіндік беретін жол жүру билеттерінің жаңа нұсқасын әзірлеп жатыр.

### ДТП большегрузов на трассе Алматы – Талғар



Врачи Алматинской многопрофильной клинической больницы заявили о том, что один из водителей, пострадавших в аварии с участием грузовиков, погиб, сообщает Zakon.kz.

Медики выразили сожаления родным погибшего.

«К сожалению, пациент умер после операции в палате. Выражаем соболезнования родным и близким. Врачи сделали все, что смогли, но травмы пациента были не совместимы с жизнью», – говорится в сообщении.

### Желкесінен сілкіді: полицейдің әрекеті қазақстандықтардың ашуына тиді

Полицейдің мотоцикл жүргізушісіне деген дөрекі іс-әрекеті қазақстандықтардың ашуына тиді, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.

Әлеуметтік желіде жолдың дәл ортасында полиция қызметкерінің мотоцикл жүргізушісін тоқтатқан видеосы тарайды. Тәртіп сақшысы жүргізушіні желкесінен сілкіп, бас киімін күшпен шешіп алған.

«Заң өкілінің жүргізушіге нәліктен мұндай дөрекілік көрсеткені белгісіз. Мұны жазалау керек. Бейберекетсіздік, оның құқығы жоқ. Менмендік. Жұмыстан шығару керек», - деп пікір білдірген көпшілік.

Пікір, әдеттегідей, әр түрлі болды. Полицейді жақтағандар да табылды. Оқиға Алматы облысында болған. Azattyq Rýhy редакциясы жергілікті полиция департаментінен түсініктеме сұрады.

**БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:**

#### САБЫРЫНА САЛТАНАТ ОРНАТҚАН ЖАН



2-бет

#### ...«СЧАСТЬЕ РАБОТАТЬ НА БЛАГО НАРОДА»



3 -бет

#### АРДАГЕР ӨТКЕН ЖОЛ



3-бет

#### МЕН ОЛ КЕЗДЕ БЕС ЖАСТА ЕМ...



4-бет



125 лет ученому-геологу

## КАНЫШ САТПАЕВ: «СЧАСТЬЕ РАБОТАТЬ НА БЛАГО НАРОДА»


Весной этого года исполнилось 125 лет Куаныш Сатпаеву, выдающемуся сыну казахского народа, ученому – геологу, первому президенту Академии наук Казахской ССР.

В апреле в Павлодаре прошли «XXIV Сатпаевские чтения», посвященной 125-летию академика Каныша Сатпаева

В августе. т.г. на родине Куаныша Имен-таевича намечается целый ряд мероприятий. Так 16 августа в Павлодаре пройдет республиканская научно-практическая конференция посвященная жизненному пути ученого, будут вручены гранты молодым ученым – победителям конкурса по геологии. Планируется выезд гостей в родные места – Баянаульский район, установка памятного камня у села Лежер, а также пойдут международный айтыс акынов и презентация энциклопедии А.Кудабасова о А.Маргулане и книги Аспанбека Шугатаева «QANYSHAME». Также в рамках праздника пройдет ярмарка ремесленников и концертная программа. Обязательным пунктом будет посещение музея в Баянауле. Он появился в далеком 1964 году и тогдашний студент политехнического института Гадильбек Шалахметов привез из Алма-Аты (ныне Алматы) на родину академика его личные вещи, документы, фотографии, переданные женой Таисией Алексеевной Сатпаевой. Теперь этот музей разросся по площади, получил статус государственного и ныне в нем более тысячи выставленных экспонатов

Интересно, что его первое имя – Габдул Гани, а мама ласково назвала его Гани, Ганаши. Ганыш вскоре трансформировался в Каныш и закрепился за мальчиком.

Первоначальное образование, на арабском и персидском, Каныш получил у муллы, два года обучался в русско-казахской школе в ауле Аккелин. Окончил также училище в Павлодаре и, против воли отца, поступил в



Семипалатинскую учительскую семинарию.

В этом учебном заведении Сатпаев учился вместе с Мухтаром Ауэзовым, дружба с которым продолжалась до самой смерти.

Готовился к поступлению в Томский технологический институт, но слабое здоровье (туберкулез) его подвело и отвлекло. Однажды лечившись в кумысолечебнице в Баянауле он знакомится с ученым – геологом Михаилом Усовым, также приехавшим сюда поправить здоровье. Увлекательные рассказы гостя о геологии, недрах, кладовых земли буквально перевернули его сознание и «за-

разили» новой наукой. Куаныш оставляет должность народного судьи и едет учиться в Томск. В начале 20 -24 годов Каныш Сатпаев написал первый учебник по алгебре для казахских школ. Всего у него оказывается, более 600 печатанных трудов.

По специальности он был направлен в Атбасарский трест цветных металлов на должность начальника геологического отдела, а уже через год его избрали членом правления данного треста. В Атбасарский трест входили медное месторождение и недостроенный медеплавильный завод в поселке Карсакапай. Руководство и специалисты, работавшие на месторождении, относились к перспективе добычи меди скептически. Однако Сатпаев имел на это собственное мнение. Он считал, что в районе Джекказгана скрыты огромное запасы меди, которые пока не обнаружены и доказал это на практике. Об этом рассказала газета «Прикаспийская коммуна»

Во время Великой Отечественной войны, потерей украинского Николая и Чиагурского месторождения в Грузии, Куаныш Сатпаев открыл новые, очень нужные военной промышленности СССР, марганцевые руды

и с помощью выбрать правильный путь и способностью без колебаний идти к намеченной цели. Рожденный в бескрайних степях Казахстана, он впитал в себя черты их суровой природы, вырабатывающей навыки борьбы за существование и волю к победе. Он был влюблен в свой родной край, восхищался мощью создавших его геологических процессов и верил в неограниченное богатство его недр».

И еще интересные факты из жизни Куаныша Сатпаева. При подготовке по поручению Москвы Карты полезных ископаемых авторитетный геолог специально не отметил несколько крупных, перспективных рудников. На замечания коллег за неполные данные он, якобы, уклончиво отвечал: «Это очень грубокие залежи. Они затратны для экономики..поэтому рано их вносить на карту». История гласит, что своим близким друзьям, Мухтару Ауэзову и Алькею Маргулану, он признавался: «Я скрыл эти рудники специально.. Нашим потомком они тоже будут необходимы»

Канышу Сатпаеву приписывают еще одну фразу, ставшую крылатой.. Будучи депутатом Верховного совета ССР в 1947 году



в урочище Жезды и это приблизило страну к победе над врагом. Без марганца танковая броня, выпускаемая на заводах Магнитки и Кузбасса не могла быть прочной.. С запуском этого месторождения вместо предрекаемого о фашистами марганцевого голода и падения производства нашим танковым заводам удалось увеличить выпуск броневой стали в три раза. К 1943 году рудник выдавал более 70 процентов марганцевых руд страны. В 1942 году Сатпаеву присудили Сталинскую премию за монографию «Рудные месторождения Джезказганского района». Вот что писал по этому поводу академик Академии наук СССР Д.И. Щербаков: «К.И. Сатпаев обладал уме-

Каныш Сатпаев был приглашен британским парламентом в Лондон. Там он встретился с Уинстоном Черчиллем. Премьер-Министр Англии спросил Каныша Сатпаева: «Все казахи такие статные и храбрые, как вы?» На это Сатпаев ответил: «Нет, среди казахов я самый маленький, мой народ намного выше меня».

Куаныша Сатпаев как то сказал: «Если бы меня спросили, как вы понимаете слово «счастье», я бы ответил – жить и работать у себя на родине, на благо своего народа – вот это самое большое счастье»

Рамазан ЕЛЕШЕВ

### Охрана окружающей среды

В конце июля в новостных лентах появилась информация о старте крупного проекта по переработке твердых бытовых отходов в Илийском районе Алматинской области. Как известно, данная сфера в Казахстане значительно отстает в развитии и по сути сводится к простому сбору и сортировке макулатуры и пластика, после чего мусор прессуется в объемные тюки для дальнейшей реализации. Лишь немногие предприятия в республике занимаются производством товаров из вторичного сырья. В результате мы фактически закапываем мусор, увеличивая непригодные для ведения сельского хозяйства земли и загрязняя окружающую среду.

## ЭНЕРГИЯ ИЗ МУСОРА?

По приблизительным подсчетам специалистов, в стране ежегодно накапливается более 4 миллионов тонн мусора, и только около 25 процентов из них перерабатывается (учитывая реальность, эта цифра может быть даже ниже). В то же время, в мире отходы становятся выгодным бизнесом. Теперь, похоже, в этой сфере наконец-то произойдут изменения.

На днях в Караойском сельском округе Илийского района состоялась церемония закладки первого камня нового завода по переработке твердых бытовых отходов. В числе приглашенных были сотрудники районного и областного акиматов, министерства экологии и природных ресурсов, бизнесмены, представители общественности и СМИ.

Завод не только полностью перерабатывает всевозможные отходы, но и производит чистую электроэнергию. Проект создаст 160 новых рабочих мест.

Исполнительный директор компании ADC TAZA ALEM Ерлан Дуйсебаев уточ-

нил, что правительством утвержден механизм льготного кредитования проектов в сфере управления отходами. Через АО «Фонд развития промышленности» предусмотрено финансирование со ставкой вознаграждения в 3 процента на срок займа от 3 до 15 лет. Общая стоимость проекта составляет 32,6 млрд тенге, из которых 70 процентов — заемные средства фонда, а остальные — собственные.

Кроме того, комплекс будет вырабатывать электроэнергию, которая удовлетворит растущие потребности Алматинской агломерации.

Проект, безусловно, важен и актуален. Мы надеемся, что он станет примером эффективного взаимодействия государственно-частного партнерства, безотходного производства, бережного отношения к земельным ресурсам и реального перехода на «зеленую экономику».

Рамазан ЕЛЕШЕВ

### Мерейтой

## АРДАГЕР ӨТКЕН ЖОЛ

Тамыз айының алғашқы күні Ұйғыр аудандық кітапханада Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы Танекеев Сәйдәлім Нысанбайұлының 100 жылдығына орай еске алу мақсатында ардагерлер мен оқырмандар қатысқан кездесу болып өтті.



Аудандық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің менгерушісі Әбзел Малдыбекова С.Н.Танекеевтың жүріп өткен өмір жолы және туыстарымен болған кездесу туралы видеосюжеттер көрсетіп, ойларымен бөлісті. Аудандық кітапхананың кітапханашысы Сыдықова Арай С.Н.Танекеевтың жазған кітаптарына талдау жасап, таныстырып өтті. Кездесу барысында тіршілігінде С.Н.Танекеевпен жақсы таныстыққа болған, жасы бүгінде 90-нан асқан Маденова Батима апамыз, Абиров Тәліпқан, Құдайбергенов Мамытқан, Сартолова Рая сынды қадірлілері С.Н.Танекеев туралы естеліктерін айтты. Шара барысында аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары мен Р.Сартолова әндерін орындады. Кездесу соңында естелік суретке түсіп тарқасты.

Ербол НҮРСЕЙІТОВ,  
Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

